

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТІРЛІГІ



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҰЛТТЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК КІТАП ПАЛАТАСЫ



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БАСПАСӨЗІ

Статистикалық жинақ

ПЕЧАТЬ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

Статический сборник

Алматы, 2024

УДК 002.2:311

ББК 76.1

Қ 18

Жалпы редакциясын басқарған А.К. Койтанов, Т.Т. Сәлменбаева
Жауапты шығарушы Г.К. Искендірова
Құрастырушы: М.А.Төлеубек

Под общей редакцией А.К.Койтанов, Т.Т.Салменбаева
Ответственный за выпуск Г.К. Искендірова
Составитель: М.А.Төлеубек

Қ 18 Қазақстан Республикасы баспасөзі 2023 жыл: статистикалық жинақ = Печать
Республики Казахстан 2023 год: статистический сборник / жауапты шығарушы
Г.К. Искендірова; құраст.: М.А. Төлеубек. – Алматы : Қазақстан Республикасы
Ұлттық мемлекеттік Кітап палатасы, 2024. – 86 б.

УДК 002.2:311
ББК 76.1

ISBN 978-601-7445-42-3

© Қазақстан Республикасы Ұлттық
мемлекеттік кітап палатасы, 2024

АЛҒЫ СӨЗ

ҚР Ұлттық мемлекеттік кітап палатасы (әрі қарай – Кітап палатасы) кітап ісі мамандарын, жоғары оқу орындар оқытушылары мен студенттерін және тұтас қоғамды кітап шығару ісінің жай-күйі туралы ақпараттандыру мақсатында, республикамызда шығатын баспа өнімдерінің есебі мен сараптамасы негізінде статистикалық жинақ шығарады. Статистикалық материалдар 1973 жылдан бастап жекелеген басылым болып шығарылуда. 2008 жылдан «Қазақстан Республикасының баспасөзі ... жыл» статистикалық жинағы жылына екі рет (бірінші жартыжылдықта және толық бір жылға) шығады, 2010 жылдан бастап бір жыл көлеміндегі деректерді қамтып, жылына бір рет шығарылады.

Назарларыңызға Кітап Палатасының Баспасөз мұрағатына 2023 жылы келіп түскен баспа өнімдерінің түрлеріне жан-жақты сипаттама беретін, еліміздің кітап нарығы туралы кесте, диаграмма, гистограмма түріндегі сипаттамасымен қоса берілген ақпаратты қамтитын статистикалық жинақтың кезекті санын ұсынамыз. Статистикалық жинақта кітаптар мен кітапшалардың тақырыптық бөлімдері, мақсаты, қай тілде шығарылғаны, жанры, шығарған баспа, баспа ұйымдары туралы және т.б. мәліметтер келтірілген. Статистикалық жинақта баспа өнімдерінің басқа түрлері – ноталық, картографиялық және бейнелеу өнері басылымдары, мерзімді және жалғаспалы басылымдар туралы да ақпараттар қамтылған.

«Қазақстан Республикасының баспасөзі 2023 жыл» статистикалық жинағы республикамыздың баспа қызметін жан-жақты сипаттайтын «Мерзімді емес, мерзімді және жалғаспалы басылымдарды шығарудың статистикалық есебі. Негізгі ережелер» СИБИД 7.81–2001 ГОСТ-на сәйкес негізгі сапалық көрсеткіштерді де қамтиды.

Республикамызда 2023 жылғы баспа қызметінің қорытындысын жинақтайтын статистикалық мәліметтердің толыққандылығы мен дәлдігі Кітап Палатасына библиографиялық өңдеу, статистикалық есеп жүргізу және мұрағатта сақтау мақсатында келіп түскен бақылау даналарының көлемімен сәйкес келеді.

ПРЕДИСЛОВИЕ

В целях информирования специалистов книжного дела, преподавателей и студентов вузов и широкой общественности о состоянии книгоиздания Национальная государственная книжная палата РК (далее – Книжная палата) выпускает сборник статистических материалов на основе учета и анализа печатной продукции, издаваемой в республике. Начиная с 1973 года, статистические материалы публикуются в виде отдельного издания. С 2008 года Статистический сборник «Печать Республики Казахстан в ... году» выходил 2 раза в год (за 1-полугодие и за год), с 2010 года – 1 раз в год, предоставляя всю необходимую информацию за определенный год.

Предлагаем Вашему вниманию очередной выпуск статистического сборника, в котором представлена информация о книжном рынке страны, подкрепленная разнообразными таблицами, диаграммами, гистограммами, дающими разностороннюю характеристику всех видов печатной продукции, поступившей в фонд Архива печати Книжной Палаты в 2023 году. В статистическом сборнике приводятся сведения о выпуске книг и брошюр по тематическим разделам, по целевому назначению, по языкам, по жанрам, по издательствам и издающим организациям и т.д. Наряду с этим, в данном статистическом сборнике отражена информация и о других видах издательской продукции: нотным, картографическим и изоизданиям, а также периодическим и продолжающимся изданиям.

Статистический сборник «Печать Республики Казахстан в 2023 году» содержит основные количественные показатели согласно ГОСТу 7.81 – 2001 СИБИД «Статистический учет выпуска непериодических, периодических и продолжающихся изданий. Основные положения», разносторонне характеризующие издательскую деятельность республики.

Степень полноты и достоверности статистических данных, обобщающих результаты издательской деятельности в республике за 2023 год, соответствует объему поступления контрольных экземпляров в Книжную палату в целях регистрации, библиографической обработки, статистического учета и архивного хранения.

Қазақстанда 2023 жылы шыққан баспа өнімдерінің сараптамасы


Қазақстан Республикасы Ұлттық мемлекеттік Кітап палатасы, баспа және баспа ісімен айналысатын ұйымдардың қызметі туралы 2023 жылдың қорытындысын шығарды. Статистикалық есеп Кітап палатасына «Мәдениет туралы» ҚР 2006 ж. 15 желтоқсандағы Заңының 24-2 бабын 01.05.2021 жылы өзгерістер мен толықтырулар енгізілген) және ҚР «БАҚ туралы» 1999 жылғы 23 шілдедегі Заңының 16-бабын (24.11.2021 ж. өзгерістер мен толықтырулар енгізілген) негізге ала отырып келіп түсетін міндетті даналарға сәйкес жүргізіледі.


2023 жылы ҚР Кітап палатасына **261** баспа мен баспа ісімен айналысатын мекемелерден кітаптар мен кітапшалар келіп түсті.


Баспа өндірісінің басым бөлігі Алматы қаласында 161 (61,68%) баспа мен баспа ісімен айналысатын ұйымдар құрайды. Қазақстанның басқа да ірі қалаларында баспа және баспа ісімен айналысатын ұйымдар **1–8** аралығында. 2023 жылдық қорытындысы бойынша ең көп кітап шығарған баспалар мен баспа ұйымдары Алматы қаласында орналасқанын көреміз.

Жалпы есеп бойынша 2023 жылы таралымы **4 млн. 214 мың 820** дананы құрайтын **4012** кітап және кітапшалар атауы тіркелді. Шыққан кітаптардың саны бойынша мәліметтер 2022 жылмен салыстырғанда 32 атауға (-0,79 %), ал жалпы таралымы 5 млн. 822 мың 970 данаға кеміген. Себебі көптеген баспа мен баспа ұйымдары шығарылған кітаптың таралымын жазбайды немесе өте аз таралым санын көрсетіп қоюына байланысты таралымы аз көрсеткіш санын құрады.

2023 жылы Кітап палатасына кітап өнімдерімен қатар баспа өнімдерінің басқа да түрлері келіп түскен: 289 атаулы журналдар басылымдары (2098 нөмір). Шыққан журналдар санын 2022 жылмен салыстырғанда 39 атауға (- 11,8 %) кеміген, номері 301 санға азайған. Себебі көптеген журналдар еліміздің экономикалық ахуалына байланысты қаражаттың жетіспеуіне жабылып қалған, көптеген журналдар ғаламторлық сайт ашып алған сол себептен журнал таралымы азайған. 507 атаулы газет басылымдары (26565 нөмір), 64 атаулы бейнелеу өнері басылымдары, 22 атаулы ноталық басылымдар, 45 атаулы картографиялық басылымдар.

 Басылымның толық нұсқасын алу үшін Қазақстан Республикасының Кітап палатасына электрондық пошта арқылы ресми сұраныс жолдау қажет: Kitappalatasy@gmail.com.

 Для получения полной версии издания необходимо направить официальный запрос в Книжную палату РК по электронной почте: Kitappalatasy@gmail.com.

 To obtain the full version of the publication, an official request should be sent to the Book Chamber of the Republic of Kazakhstan via email: Kitappalatasy@gmail.com.